

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ  
АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университеті**

**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік  
мемлекеттік университеті  
студенттерінің  
АР – НАМЫС КОДЕКСІ**

**Қызметтік пайдалануға арналған**

**Ақтөбе қаласы  
2017жыл**

**«БЕКІТЕМІН»**

**Ғылыми кеңес төрағасы, ректор**

**Б.Ердембеков**

**хаттама № \_\_\_\_ «\_\_09\_\_» 2017 жыл**

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
студенттерінің  
Ар – намыс кодексі**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің оқытушы-профессор құрамы мен студенттер қоғамдастығы, жоғары білім беру жүйесінің басты мақсаты: мамандығын жетік меңгерген, жаңашыл ойлауға қабілетті, ой-өріс мүмкіндерін игерген, кәсіби және мәдени бағытталған, тұлғаны дайындауды іске асыруда өз жауапкершілігін сезіне отырып және бірлесіп басқару принциптерін дамыту мен нығайтуды өзінің парызы деп санап, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары оқытушы-профессор құрамы мен студенттерінің Ар Кодексін қабылдайды және оған сөзсіз бағынуды өз міндеттеріне алады.

**СТУДЕНТТЕРДІҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ**

Студент өз бойындағы жеке шығармашылық қабілеттерін дамытып, өзі таңдаған мамандығының кәсіби шебері болуға, Қазақстан Республикасына лайықты азамат болуға ұмтылады.

Студент үлкендерге құрметпен қарайды, өз ортасына қарым-қатынас кезінде дөрекілік танытпайды және әлеуметтік қорғалмаған адамдарға жанашырлық көрсетіп, мүмкіндігінше қамқор болады.

Студент парасаттылықтың, мәдениет пен адамгершіліктің үлгісі, әдепсіздікке және жыныстық, ұлттық, діни бөлулер мен шектеулерге жол бермейді.

Студент салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды әдеттерден аулақ болады.

Студент жоғарғы оқу орнының дәстүрлерін құрметтейді, оның мүліктерін қорғап, студенттер Үйінің тәртібі мен тазалығын қадағалайды.

Студент жоғарғы оқу орнының атағы мен мәдениетін көтеруде шығармашылық белсенділіктерін дамытуға бағытталған (ғылыми, спорттық, көркемөнер т.с.с.) барлық қажетті және пайдалы іс-әрекеттерді мойындайды.

Студент жоғарғы оқу орнының қабырғасынан тыс жерде, өзінің жоғарғы мектептің өкілі екенін есте ұстап, оның намысы мен жетістіктерін түсірмеуге барлық күшін жұмсайды.

Студент академиялық ықылассыз іс-әрекет түрлерімен күресуді өзінің парызы деп санайды, олардың қатарында: білімді бақылау кезінде басқа адамдардан көшіру және көмек сұрау; көлеміне қарамастан барлық дайын оқу материалдары: мәнжазбалар, курстық, бақылаулар, дипломдық және

басқа да жұмыстарды, сонымен қатар, өзінің жеке еңбегінің нәтижесі ретінде Интернет-ресурстарын дайындау: жоғары баға алу үшін өзінің туыстық немесе қызметтік байланыстарын қолдану; сабақ кезінде серуендеу, сабақтан кешігу және себепсіз оқу сағаттарын босату.

Студент бәсекеге қабілетті білім алуда, жоғарыда айтылған барлық академиялық ықпалсыз іс-әрекеттер үйлесімділік танытпайды деп санайды.